

**«Ақбота» бөбекжай-балабақша МКҚК бойынша
Кезектен тыс педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы**

Кеңқияқ ауылы

22.02.2024 ж

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, 10 тәрбиеші, 1 музыка жетекшісі, шаруашылық меңгерушісі, медбике.

1. Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылы 20 ақпан айында бекітілген 2024 жылы аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізу.

Меңгеруші: Жундибаева Г.С.

2.Өзін –өзі бағалау жұмыстарын жүргізу үшін комиссия құрамын құру.

Бірінші сұрақ бойынша меңгеруші Жундибаева Г.С. сөз алды.

2024 жылғы 20 ақпан Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылы аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының бекітілген тізбесі негізінде балабақша 2024 жылдың сәуір айына мемлекеттік аттестаттаудан өтеді.

Мемлекеттік аттестаттау ҚР «Білім туралы» Заңы аясында мемлекеттік аттестаттау – білім беру ұйымдары ұсынатын білім беру қызметтерінің тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатында жүзеге асырылатын рәсім.

Өзін–өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» бойынша жүргізіледі. Осы заңнамаға сәйкес барлық құжаттарды ұсынуымыз керек деп айтып өтті. Сонымен бірге бір ай бұрын өзін-өзі бағалау материалдары балабақша сайтына уақытылы жариялануы керек.

Өзін–өзі бақылау жүргізу мақсатында комиссия құруды ұсынды. Сонымен бірге Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметкерлерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне соңғы 2 жыл яғни 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына өзін-өзі бақылау жүргізіледі және білім беру саласындағы уәкілетті мекемеге, оның аумақты бөлімшелеріне өзін-өзі бағалау материалдарын ұсынады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары» негізінде ата-аналар мен педагогтар Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті тарапынан сауалнама жүргізілетіні айтылды.

«Ақбота» бөбекжай-балабақша МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін өзін-өзі бағалау комиссиясы келесі құрамда ұсынылды:

Комиссия төрайымы:

Жундибаева Г.С. - меңгеруші

Мүшелері:

Сикорская С.В. – кәсіподақ төрайымы, әдіскер

Доскулова Г.К. – тәрбиеші

Рысбекова Г.Ж. – тәрбиеші

Хатшы: Мукангалиева Ж.Ж.-тәрбиеші

Шешім мен ұсыныс:

1.«Ақбота» бөбекжай-балабақша МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына өзін-өзі бағалау жүргізілсін.

2. «Ақбота» бөбекжай-балабақша МКҚК жұмыстарын бақылау жүргізу үшін өзін-өзі бағалау комиссиясы бекітілсін.

Төрайымы

Жундибаева Г.С.

Хатшы

Мукангалиева Ж.Ж.

